

УДК 373.26

## ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДЕГІ БАЛАБАҚША ТӘРБИЕСІ

Хызырхан Рыздық

[Hyzyrhanqyzy@mail.ru](mailto:Hyzyrhanqyzy@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығының 3-курс студенті, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Н.П.Албытова

Балабақша – білім беру жүйесінің алғашқы сатысы болып табылатын, мектепке дейінгі бабаларды тәрбиелеу мен оқытуды іске асыратын мемлекеттің қырағы бақылауындағы ұйым. Сондықтан да ол мемлекеттік стандарт негізінде дайындалған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын орындайды.

Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010 - 2020 жылдарға арналған "Балапан" бағдарламасының міндеті: мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ баланың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы [1].

Қазақстан Республикасы егемендікке қол жеткізгенге дейінгі уақытта балабақша орталықта бекітілген, «болашақ коммунизмнің іргетасын қалаушыларды тәрбиелейміз» деген ұрандағы мақсатты көздеген бір ғана бағдарламамен қызмет жасауға мәжбүр болған. Оған қоса болашақ жас ұрпақты атеизмге тәрбиелеу, бала бойына соны қалыптастыру

КСРО кезінде басты мақсаттардың бірі болған және оны бала бойына балабақша қабырғасында сіңіру арнайы әдістемелермен көрсетілген. Әрине бала тәрбиесінің ел болашағы үшін маңызын орыс ғалымдары жақсы түсінген сол үшін де еңбек, ақыл ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбиелердің барлығының түпкі мақсаты коммунизмдікті көздеді. Ел басынан сындарлы сағаттардың өтіп, қазақ елінің бағына 70 жыл зарыға күткен асыл тәжіміз тәуелсіздік орнағанда еліміздің басты мақсаты жан дүнесі тәуелсіз, рухани бай, көкірек көзі ояу ел болашағы болар жастарды, тәуелсіз елдің жастарын тәрбиелеу болды. Әлбетте ол мақсатқа жетудің алғашқы да, асыл қадамы мектепке дейінгі ұйымдарда, әсіресе баланың алғашқы әлеуметтену ортасы болар балабақша болып табылады. Осы мақсатты назарға ала отырып тәуелсіздігіміздің алғашқы күнінен көптеген бағдарлама, идеялар ұсынылды. Бір қатары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мақұлданыуымен білім беру жүйесіне де еніп өз үлестерін тигізді және осы мақсатты темірқазығымыз қылып алудан таймасак әліде бұл бағдарламалардың бәрі көздеген нәтижеге қол жеткізу үшін өз көмектері беретін болады.

Енді 30 жылда осы сыңыржақ мақсаттарды қайта қарап, ұлттық негізде адамзат қолжеткізген жетістіктермен тәрбиелеу, оқыту арқылы дамыту бағытында қызмет жасалып жатыр. Оның айғағы республикадағы этномәдени білім беруді балабақшадан бастау болып табылады. Қазіргі таңда балалар мынадай жас топтарына жіктеліп, өз жас ерекшеліктеріне қарай сатылы жұмыстар жасалуда:

Бөбек жасы – 1-3 жас:

ерте жас – 1 жастан бастап (ерте жас тобы);

кіші жас – 2 жастан бастап (кіші топ);

мектепке дейінгі жас – 3 жастан 1-сыныпқа қабылданғанға дейін;

мектепке дейінгі орта жас – 3 жастан бастап (ортаңғы топ);

мектепке дейінгі ересек жас – 4 жастан бастап (ересек топ);

мектепалды жас (мектепалды топ, сынып) - 5 жастан бастап.

Мектеп жасына дейінгі баланың тамаша сезімінің дамуын тек қана дыбыс үндестігін дұрыс айтуды пайдалана білумен шектестіріп қоймай, ол өзінің тілін, оның әрі бейнелі түрде мәнерлеп оқуға немесе мәнерлеп сөйлеуге үйретіп, тырысуында. Сөйлеу тілі – ауызша тілдің ең қарапайым түрі. Ол жағдайлық, эмоциялық сипатқа ие әрі қарапайым болып келеді, өйткені арнайы дайындықты қажет етпейді. Байланыстыра сөйлеуге үйрету эстетикалық тәрбиеге де әсер етеді: әдеби шығармаларды қайта әңгімелеп айту, балалардың дербес шығармалары тілдің бейнелігі мен мәнерлілігін дамытады, балалардың көркем-сөйлеу тәжірибесін байытады. Өз тілінің даму барысында балалардың тілі олардың әрекет және қарым-қатынас сипатымен байланысты. Мектепке дейінгі жастың соңына қарай тәрбиенің белгілі бір жағдайында бала тілді пайдаланып қана қоймай, сонымен қатар оның құрылысын түсіне бастайды, мұның өзі кейіннен сауат ашуды меңгеруде ерекше маңызға ие. Соңғы кездері білім көлемінің ұлғаюы балалардың сөйлеу тілінің дамуына жоғары талап қояды. Балаларға алда күтіп тұрған күрделі мәселелерді шешуге көмектесу үшін сөйлеу тілінің дер кезінде және толыққанды қалыптасуының алдын-ала қамын жасау керек. Өйткені сөйлеу тілі арқылы ойлау дамиды, жеке басының қасиеттері қалыптасуға ықпал етеді. Осы тұрғыдағы тұжырымдар Ф.А. Сохин өңдеп жасаған ерте жастағы балалардың сөйлеу тілінің даму теориясында өз орнын тапты. Ол ерте жастағы кезеңде ана тілін меңгерудің тілдік және ақыл-ой аспектілерінің өзара байланысын қарастырды, тіл мен сөйлеу тілі құбылыстарын түсіне білуді қалыптастыру қажеттілігін нақты түрде негіздеді. Бұл тұжырым сөйлеу тілін дамытуға қатысты барлық зерттеулердің тірегі болды. Ол байланыстырып сөйлеу тілі баланың ана тілін меңгерудегі барлық жетістіктерін өзіне жинайды деп белгіледі (дыбыстық жағын, сөздік қорын, грамматикалық құрылымын) [2].

Жоғарыда айта кеткенімдей қазіргі таңда бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеп өсіру мақсатында баланың ана тілін жақсы меңгеруімен қатар шет тілінде түсінік іргетасы талануы керек. Шетел тілін мектепке дейінгі балаларға оқытудың шарттарын ескере отырып, балалар балабақшадан кейін де шетел тілін оқып, түсіне білу қабілетін

қалыптастыруға мән берілуі тиіс. Осыған орай, шетел тілін балабақшада оқытудың практикалық мақсатын жүзеге асырудың алғышарты- оқыту әдіс- тәсіліне, коммуникативтік бағдар беруге назар аударылады [3]. Мектепке дейінгі балаларлық шақ – ертегі, қызықты ойындар, әңгімелер мен өлеңдер әлемі. Бұл жаста балалардың балабақшадан мектепке ауысу үрдісі жүреді, жетекші әрекет түрінің өзгеруі, яғни ойын әрекетінің оқу әрекетіне ауысуы болады. Бірақ баланы ойын әрекетінен айырудың қажеті жоқ. Оқытудың ойын әдісі өте пайдалы болып келеді, өйткені балаларды ой еңбегіне бірте-бірте үйренуге мүмкіндік береді. Ойын әдісінің кеңінен қолданылуы ойынның бала қуанышының көзі ретінде ғана айқындалмайды, сонымен қатар ол оқыту міндеттерін шешудің ең негізгі жолы болып табылады. Осы аталған тәсілді ҰОҚ барысында жіті қолдана отыры біздің келесі мақсатқа қол жеткізаламыз. Ол- мектеп жасына дейінгі балалардың ел тарихымен сусындап, ата- бабаларымыздың қандай өр тұлғалы , арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, Отаны үшін жанын беруге әзер қайсар жандар болғанын біліп, аттары мен ерліктеріне бала түсіне алатындай жеңіл тілде жазылған ертегі, аңыздарды пайдалану арқылы қандырсақ болады. Сол арқылы Отаны жылғыз Қазақстан екенін және ол сондай керемет табиғатқа бай екенін әр ҰОҚ де, серуенге шыққан әр күн сайын, топ бөлмесіндегі әр түрлі суреттер, көрнекі құралдар, ағаш, тау, өзен , бұлақ суреттерін салдыртарда , яғни баламен жұмыс жасаған әр сәтімізде осы идеяға негізделген ойға бағыттап, өзіміз шынайы мақтана отырып, әр сөз, іс әрекетімізбен көрсете берсек аппарат парак сынды бала ойында Қазақ елі жер жәннатындай қалыптасатын болады. Ал тәрбиешілер осы ойды жалғастыра келе балаға өз өлкесін таныстыруы шарт. Ол дегеніміз өздері тұратын ауыл, аудан, қаласының көрнекі жерлерінің суреттерін салып, қойылған атауларына байланысты аңызбен танысып, мүмкіндік болса экспедицияға апарса немесе ең керемет тәсіл жаңа технологияларды қолданып, бейнежазба, сурет, слайдтарды қолдануы жақсы нәтижеге қол жеткізетіндігі анық.

Баршамыз білетіндей әр қазақ баласы көзін ашқаннан оюлы киімдер, өзі алғаш танитын тал бесігі, той томалақ болса сүйсіне жейтін бауырсағы, арнайылап асатын ет, күніге тойғанынша ішетін сүт, айраны міне осының бәрі баланың қазақ халқының ата салт дәстүрін танып білуіне көмектеседі, осы сәтте жақсырақ түсінуіне әр түрлі дидактикалық ойындары, таратпа матиралдар, киіз үй бөлшектері сынды қалташаларды қолдансақ, баламен сол бағытта әңімелесек, қазақ халқының басты артықшылығы осы екенін айта алсақ балабақша баласына салт дәстүрлерімізді түсініп меңгеруіне көмектесе аламыз, әрине бар амалы осылар ғана емес, сан қырлы тәсілдеді қолдана отырып, бала ерекшелігіне, жасына назар аудара отырып , күнделікті осы мақсатта әрекет жасай берсек міндетті түрде ойлағанымызға көз жеткізе аласыз, себебі халық арасында «Қайталау- білімнің анасы» - деген нақыл сөз бар. Әрине аталмыш қанаты сөзді тек осы ойда ғана емес мектеп жасына дейінгі баланы оқытуда әр дайым есе ұстап , әрекет жасаған абзал болады!

Ойымызды қорытындылай келе тәуелсіз елдегі балабақша тәрбиесі өзіндік ұлттық дара мақсат-міндеттерді белгілеген, адамзат қол жеткізген жетістіктерді тұлға бойына сіңіріп, Егемен Елімізді мәңгілік етуді өмір мәніне айналдырған ұрпақ қалыптастыру бағытын ұстайды. Сол себепті біз болашақ педагогтар, сіздер ата- ана болып, екі тарап бірлесе отырып ел болашағы болар бөбектерімізді туылғаннан , өз өмір жолын бастағанша адамгершілігі мол, бауырмал, ізденпаз жан етіп тәрбиелеуге барымызды салуымыз керек, себебі Отан – Отбасынан басталады. Абай атамыз айтқандай Аққу, шортан хам шаянның қылығын жасасақ тәуелсіз еліміздің лайықты ұрпағын тәрбиелей алуымыз қиын болатынын ескерсек екен. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, ұрпағымыз саналы болсын!

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>
2. Өрлеу- Шымкент Республикалық әдістемелік- педагогикалық журнал <http://orleu-uko.kz/journal/?p=269>

3. Білім айнасы сайты <https://bilimainasy.kz> /%D0%BC%D0%B5%D0%BA%D1%82%D0%B5%D0%BF%D0%BA%D0%B5-%D0%B4%D0%B5%D0%B9%D1%96%D0%BD%D0%B3%D1%96-%D0%B1%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D1%80%D2%93%D0%B0-%D0%B0%D2%93%D1%8B%D0%BB%D1%88%D1%8B%D0%BD-%D1%82/